

2017 жылдың 21 сәуірінде С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60-жылдығына арналған "Сейфуллин оқулары-13" Республикалық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Ғылыми конференцияның негізгі мақсаты – жас ғалымдардың инновациялық әлеуетін пайдалану, білім алушылардың ғылыми-ізденушілік жұмысқа қызығушылығын арттыру мен ғылыми жұмыстың беделін арттыру болып табылады. Конференция студенттер, магистранттар, докторанттар мен жас ғалымдар үшін пікір алаңына айналып, Қазақстан мен шет мемлекеттердің ғылыми нәтижелерін жариялауға мүмкіндік берді.



Пленарлық отырыста "Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы" КЕАҚ ғылым департаментінің директоры Е.И. Исламов "ҚР АӨК ғылыми қамтамасыз етудің жаңа бағыттары" тақырыбында баяндама жасады, ол жоғарғы ғылыми-техникалық комитеттің (ЖҒТК) 2017 ж. 14 наурыздағы шешіміне сәйкес қазіргі уақытта Ұлттық ғылыми кеңес (ҰҒК) аграрлық ғылымды "АӨК тұрақты дамуы және ауылшаруашылық өнімдерінің қауіпсіздігі" жеке саласы ретінде бөліп, 7 басымдықты анықтағанын атап өтті, оның бірі салалар бойынша ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің кооперациялануының экономикалық үлгілерін дайындау, ауылдық аймақтардың аймақтық мамандану негізінде даму міндеттерін шешуді көздейтін "Ауылдық аймақтардың тұрақты дамуы" екендігін атап өтті. "Қазақстанның аграрлық секторының экономикалық мәселелері" секциясында «Ауыл шаруашылығы және ауылдық аймақтардың тұрақты дамуы - SARUD» Европалық Одақтың ERASMUS+ жобасының әкімгері Исмаилова А.С. баяндама жасап, SARUD бағдарламасын жүзеге асырудың

нәтижесі Қазақстан мен Ресейдің өзіндік шарттарына сәйкес тұрақты ауыл шаруашылығы мен ауылдық аймақтардың дамуын қамтамасыз ететін білікті мамандар дайындау екендігін айтып өтті.

2017 ж. қыркүйекте осы білім бағдарламасы шеңберінде "Экономика" мамандығы бойынша магистранттарды дайындау басталады.

